

01.03.2024 ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы
3. Акция: «Гүлді алей» (ата-аналармен бірге көшеттер отырғызу)
4. Өртүрлі мәселелер

1.Тыңдалды балабақшаның өткен кеңестің қаулылығының орындалуы туралы есебі. Балабақшада жылу жыл бойы қалыпты 22-24⁰ С болғанын, балалардың еркін жүріп-тұруына толық жағдай жасалғанын айтып өтті. Жылу жүйесінде ешқандай ақау орын алмағанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада мерекелер кезінде жауапкершілікпен ұжым жұмылдырылғаннан тосын жағдайлар болмағанын айтып өтті.

2.Тыңдалды балабақша мейірбикесі Абдрахманова Т.Х. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы есеп берді. Балабақша ішінде тазалық шаралары күнделікті жүргізіліп жатқанын, балалар қолдануына керекті заттардың жүйелі жарамсыздығы тексеріліп отырғанын айтып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың үй-жайларын жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша топтардың саяжайлары, дене шынықтыру алаңдары жеміс бақшасы бар. Ондағы құралдар балалардың ойнап тұруына сай етіп орналастырылған. Аула көгалдандырылған, қураған шөптер мен бұтақтар өз мезгілінде алынып тасталып отыр. Сонымен бірге топ бөлмелері табиғи жолмен желдетіледі, ойыншықтар мен ыдыстар талапқа сай тазартылып отырғанын, қвациеу өз уақытында өткізіліп отырғанын айтып өтті.

Дей тұрғанмен көмекші тәрбиеші жұмыстарында орын алған кемшіліктерді де айтып, қызметкерлерді өз ісіне жауапкершілікпен қарауды ұсынды.

Қызметкерлер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Баймолдина К.К. «Гүлді алей» акциясын өткізу туралы ұсыныс берді. Көктем мезгілі жаңару, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезеңі екенін айтып өтті. Сондықтан топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы олар үшін де жақсы екенін айтып өтті. Сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, кішкене алаңдарға балалармен гүлдер отырғызып, оларға күтім жасау керектігін айтып өтті.

Топтар мен алаңдарға керекті құралдардың тізімін жасап құрылтайшыға ұсыну керектігін айтып өтті.

Қызметкерлер толық келісім берді.

4.Тыңдалды меңгеруші Баймолдина К.К. көктем мезгілі балалардың далада көп жүретін кезі екеніне тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне күзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Аула тазалаушыға өз міндеттері ескертілді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық. Айтылған кемшіліктер түзетілсін.
- 3.Балабақша ауласы мен топтар көгертілсін.
4. Көктем мезігіліне қарай балабақша ауласы тазалығы сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Баймолдина К.К.

Сыдыкова Д.С.